

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМЫ (ТҮРКСОЙ)  
Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ**



**«Қазақстан және Иран: мәдениеттер тоғысындағы интеграциялық үрдістер»** атты кезекті II Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, 5-6 сәуір 2016 ж.

Материалы II международной научно-теоретической конференции  
**«Казakhstan и Иран: в поиске духовной и культурной интеграции»**  
5-6 апреля 2016 г.

Materials of the II International scientific-theoretical conference  
**“KAZAKHSTAN AND IRAN: IN SEARCH OF SPIRITUAL AND CULTURAL INTEGRATION”**, April 5-6, 2016

**Б. Әбжет**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-і,  
Түркология ғылыми-зерттеу институтының  
жетекші ғылыми қызметкері ф.ғ.к., доцент, [abjet\\_71@mail.ru](mailto:abjet_71@mail.ru)

## ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ОРНЫ

Мақалада Қазақ фольклоры мен әдебиетінің дамуына қатысы бар парсы әдебиетінің орны айтылады. Ислам мәдениетінің әсерімен қатар қазақ фольклорына әсер еткен иран-тәжік әдебиетінің ықпалы сөз болады. VIII-XIX ғасыр аралығындағы қазақ ауыз әдебиетінің Шығыс әдебиетімен өзара байланыстары кеңінен қарастырылған.

**Түйін сөздер:** Қазақ, тәжік, парсы, ислам мәдениеті.

В статье рассматривается влияние исламской культуры, а так же персидской, ирано-таджикской литературы на развитие казахского фольклора и литературы. В том числе рассматривается взаимосвязь восточной и устной казахской литературы VIII-XIX вв.

**Ключевые слова:** Казах, таджик, фарси, исламская культура.

The article discusses the influence of Islamic culture and Persian, the Iranian-Tajik literature on the development of Kazakh folklore and literature. Including rassamtrivaetsya relationship eastern and spoken Kazakh literature VIII-XIX centuries.

**Keywords:** Kazakh, Tajik, Persian, Islamic culture.

Қазақ фольклортану ғылымында тағы бір кенже қалып келе жатқан саланың бірі Шығыс халықтары мифтерінің қазақ фольклорына тигізген әсері жайлы жазылған зерттеулер. Жалпы шығыстану ғылымы Қазақстанда 80-ші жылдардан бастап қолға алынғандықтан бұл салаға маманданған зерттеушілер 90-шы жылдардан бастап өнімді еңбек ете бастады. Профессор Б.Әзібаева қазақтың ғашықтық дастандары мен новеллалық дастандардағы шығыстық сюжеттердің құрылу себептерін айқындап берсе, ирантанушы-ғалым Ө.Күмісбаев қазақ әдебиеті мен парсы әдебиет байланыстары турасында өнімді еңбектер жазды. Дегенмен 60-70 жылдардағы ғалымдарымыз Шығыс әдебиеті туралы мүлде жазбады дегенді білдірмесе керек. Кезінде академиктер Ә.Марғұлан мен М.Әуезовтер де қазақ фольклорына Шығыс әдебиетінің әсері турасында өз еңбектерінде жазып қалдырған болатын. Жалпы қазақ ауыз әдебиетін Шығыстан бөліп қарау мүмкін емес еді. Оның тамыры тым тереңде жатқан болатын.

Академик Р.Бердібай 1967 жылы жазған мақаласында қазақ әдебиеті шығыс тілін білетін білікті аудармашылардың жоқтығынан ақсап жатқандығы турасында былай деп ашына жазады: «Шығыс тілдерін, әдебиетін жетік білетін аудармашылар, біздіңше, Қазақстанның филология факультеттерін бітірушілер қатарынан шығуы керек. Бірақ бұл жөнінде де әзірше мардымды ештеңе істелініп отырған жоқ. Мәселен, Қазақ университетінің педагогикалық институттардың филология факультеттерінде күні бүгінге дейін бірде-бір Шығыс тілін шындап, негіздеп өтілмейді. Әдетте бұл факультеттерді басқарушылар мен оқытушылар «біз түркологтар даярлап жатырмыз», - деп өздерін сендіргісі келеді. Ал шындығында жағдай басқашалау. Қазақ тілі мен әдебиетінен басқа бірде-бір түркі тілдес халықтың тілін, не әдебиетін жөнді білмейтін маманды түрколог деп дәріптеуге бола ма? Жақсы түрколог болуы үшін араб, парсы тілдерін қоспағанда, тым құрыса, ескі шағатай түркі тілін түсінетін болуы керек қой. Сонда Лүтфиді де, Бабырды да, Ахмет Йүгінекиді де, Насреддин, Рабғузиді де танып, білуге кең мүмкіндік туады. Ол кезде Әлішер Науаи шығармалары да түпнұсқадан аударылар еді» [1, 52].

Шындығында да мыңдаған жылдар бойы көрші отырған Иран мен Тұран халықтарының мәдени де әдеби байланыстарының негізін тереңнен қарастыру қажеттігі күн тәртібін-

де тұрған өзекті мәселе болатын. Алайда Шығыс тақырыбы Кеңес дәуірі кезеңінде ауызға көп алына бермейтін жабық қазан күйінде қалып қойды. Қазақ әдебиетіндегі ислам мәдениетінің тигізген әсері, діннің халықтың әдеби мен дәстүрін қалыптастырудағы орны жайлы жазуға тиым салынды.

Жазба әдеби дәстүрі ерте қалыптасқан парсы-тәжік халықтарының әсері, Фирдоусидің «Шахнамасы» мен сопылық әдебиеті түркі халықтарына кең тарады. Иран мәдениетінің ықпалы VIII – IX ғасырлардан бастап өз қарқынын күшейте түсті. Әсіресе, Халифаттық кезеңде күшейген арабтар Иран жерін өзіне қаратып, одан қазіргі түркі халықтарының жеріне қарай ойысқан кезеңде, Орта Азия жері исламды қабылдаған тұста араб мәдениетімен қатар парсы мәдениеті де түркі жұртына белгілі бір дәрежеде сіңе бастады. «Түркі халықтары тіліне, әдебиетіне VIII ғасырдан бастап араб, парсы терминдері көп енген: «дастан», «қисса», «хамса», «нама» деген сияқты әдеби атаулар да сол уақыттан бастап қолданылған», - дейді түрколог-ғалым Б.Кенжебаев [2, 47].

Араб тілі мемлекет тілі ретінде қабылданған болса, парсы тілі сол кезде әдебиет пен поэзияның тілі ретінде ықпалын күшейте бастаған еді. Бұл үстемдік көптеген ғасырлар бойына сақталып отырды. Қазақ даласынан шыққан белгілі түрколог ғалым Әмір Нәжіп орта ғасырлардағы түркілерге шығыс мәдениетінің ықпалы ерекше болғандығы жайында мынадай дерек келтіреді: «В 636 г. начинаются первые набеги арабов на Среднюю Азию. В начале VIII века вся Средняя Азия оказывается завоеванной ими. В результате арабского завоевания и исламизации страны наступает в Средней Азии период безраздельного господства арабского языка, который постепенно вытесняет местный язык – язык фарси – из области литературы, богословия, науки и даже административного управления. Безраздельное господство арабского языка в области науки, богословия длилось до X в.

В середине X в. арабский язык начинает вытесняться снова фарси и отходит на второй план. С течением времени тюркоязычные племена постепенно начинают переходить к оседлости. Происходит смешение этих племен с коренным местным населением, в основном таджикскоязычным. Народ, сложившийся в результате такого смешения, использовал для общения в основном тюркский язык» [3, 26].

Парсы мен араб мәдениетін молынан қабылдағанымен түркі халқы өз мәдениеті мен салт дәстүрін сақтай білді. Арабша, парсыша жақсы меңгерген түркі шайырлары парсы тілінде де, түркі тілінде де шығармалар жазды. Қос тілде қатар жағзан ұлы шайырлар да болды.

Қазақ жұрты мұсылманшылықты қабылдаған тұста араб мәдениеті ғана емес парсы мәдениетінің де күшейе бастаған дәуірі болатын. Түркілер дінді тікелей арабтардан емес, сонымен қатар парсылардың мәдени ықпалы арқылы да қабылдай бастаған еді. Оған себеп сол дәуірде парсы жұртынан діни ғұламалар көптеп шыға бастады. Сопылық әдебиеттің ірі өкілдері де парсылардан шықты. Осылайша ислам дінінің бір ағымы сопылық дәстүр мұсылмандық шарттармен қатар оған бұрынғы зороастризмнің элементтері араласып көптеген ескі діндегі діни терминдер қайтадан келіп жамалып жатты. «Намаз», «Ораза», «Мей», «Пірмұған», «Жайнамаз» т.б. сөздер таза парсылардың термині болғанына қарамастан осы қалпында түркі дәстүріне де сіңгендігі байқалады.

Түркі жұртына парсылық әдебиеттің әсері бар екендігі Қараханидтер дәуіріндегі әдебиеттерден де сезіледі. Айталық Ж.Баласағұнидің «Құдадғу білігі» дастаны да түркілердің «шахнамасы» атануының өзі де түркілік жазба әдебиеттің дамуындағы тигізген тәсірі деп тұжырым жасауға негіз болады. Түркі сопылық жол мен сопылық әдебиеттің негізін қалаушы шейх-ул машайық Ахмет Ясауидің де ұстазы Юсуф Хамадани болғандығы, алғашқы ұстазы Арыстан бабтың шын аты Салман Фарси екендігі де парсы мәдениеті мен түркі мәдениетінің етене жақындығын көрсетеді.

Орта ғасырларда парсы тілі Орта Азияда ресми тілге айналды. Іс-қағаздар парсыша жүріп, кітаптар мен дастандар парсыша сөйледі. Көптеген түркі жұртынан шыққан тарихшылар мен ақындар өз шығармаларын парсы тілінде жазды. Осылайша түркі тілі тасада

қалып бара жатқан кездері де болды. Ол турасында белгілі аудармашы-ғалым С.Талжанов былай дейді: «Сол кездердегі медреселерде оқытылатын ілім-білім, көбінесе, парсы (тәжік) тілінде жүргендігі де тарихи ақиқат. Молдалардың өздері үйреніп келгендері былай тұрсын, олар арқалап әкелген кітаптардың да басым көпшілігі парсы тілінде болатын. Орта Азиядағы парсы әдебиетінің әсері Х-ХҮ ғасырларда өте күшейді, бұған бірінші қарсы шыққан Мир-Әли-Шер Навои болды. Х-ХІҮ ғасырларда қыпшақ-қазақ тілінің парсы тіліне де әсері тимей қойған жоқ»[4,78].

Кез-келген халықтың мәдениеті еш уақытта біржақты дамыған емес. Парсы мәдениетінің жоғары көтерілуіне айналасындағы басқа халықтардың да әсері мол болған. Араб мәдениетін қабылдаған соң парсы мен түркі халықтарынан аты әлемге тараған көптеген ғалымдардың есімі әлемдік мәдениетте мәшһүр болды. Орта ғасырларда түркі жұртынан шыққан саяси тұлғалар көп болды. Олар билік жүргізген аймақтың экономикасымен қатар мәдениетін көтеру үшін көрегендік таныта білген. Үндістаннан бастап, Мысыр мен Сирия, Исфахан мен Герат, Шығыс Түркістаннан бастап Еуропа елдеріне дейінгі аралықта өз дәуірінде салдырған қорғандар мен ғимараттар, олар турасында жазылған естеліктер мен артында өздері жазып қалдырған қолжазбалар, мұның барлығы түркі халықтарының мәдениетінен хабар береді.

ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырдан бастап Еуропа елдерінде даму өте жоғары деңгейде қарқын ала бастады. Олардың соғыс техникасымен қатар әлемді саяхаттау, олардың геосаяси ахуалын зерттеу, сол арқылы өз мемлекетінің сауда айналымын кеңейту, Азия мен Африка елдерін өзіне тәуелді ету мақсатында табанды түрде ілгерілеушілік басталды. Ол мақсатына қол жеткізген соң сол жердегі көне мәдениеттерді зерттеуге деген ғалымдар тарапынан қызығушылықтар да артты. Осылайша еуропалық ориенталистика ғылымы қалыптасты. Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттерін жаулап алған патшалық Ресей осы халықтарға өз жарлықтарын жариялап отыру үшін сол жергілікті тілде өз газеталарын шығарды. Соның бірі «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» болатын.

Шығыс әдебиетінің әсерінен туған қысқа әңгімелер мен ертегілер, діни аңыздар, өлеңдер осы баспасөз арқылы қазақ даласына тарап жатты. Осылайша Қазақ даласында араб, парсы, османлы түрік, орыс пен еуропа әдебиетінен ауысқан көптеген ертегілер мен аңыздар сол қалпында, кейбірі қазақ дәстүріне сай өзгеріске ұшырап ел арасына тез сіңіп отырды. ХІХ ғасырдан бастап қазақтың оқыған, сауатты ақындарының ішінде шығыстық әдебиетті жырламағаны болмады десе артық айтқандық емес. Тіпті орысша сауаты барлардың өзі шығыс әдебиетіне қарайлаумен өтті. Осылайша ХІХ ғасырда қазақ әдебиеті шығыстық әдебиет дәстүрінде түлеп, кейін бұрын-соңды болмаған биік белеске көтерілді.

Сол дәуірде жарыққа шыққан баспасөздің қазақ әдебиетінің дамуына қатты әсері болғандығы турасында белгілі ғалым Ү.Сұбханбердина былай деп жазады: «Так, первой газетой на узбекском и казахском языках была «Туркестан уалаятының газеті» («Туркестанская туземная газета»). Она начала издаваться в Ташкенте в 1870 г. в виде приложения к «Туркестанским ведомостям» и просуществовала до 1882 г. Газета выходила четыре раза в месяц: по два раза на узбекском и казахском языках. Ее редактором был Шахмардан Ибрагимов (1841-1891 гг.), а позднее – Хасен Чанышев. Первым главным редактором долгое время был Н.П.Остроумов, а затем Н.Г.Маллицкий. С 1883г. газета стала самостоятельным органом и выходила еженедельно на узбекском и русском языках.

Эта газета, являясь важным документом истории дореволюционного периода казахов и узбеков, положила начало периодической печати Казахстана. Н.П.Остроумов справедливо указывал, что для узбеков и казахов в ХІХ в. значение «Туркестан уалаятының газеті» было так же велико, как первой печатной газеты России – петровских «Ведомостей» - для русских в ХҮІІ-ХҮІІІ вв»[5, 6].

«Түркістан уалаятының газеті» мен одан кейін шығып тұрған «Дала уалаятының газеті» сол кездегі түркі қадым жазуымен жарық көргендіктен молдадан сауат ашқан қазақтар үшін оны оқу аса қиынға түсе қойған жоқ. Ол кезде жағдайы келген қазақтардың көбі балаларын

молдаға оқытып, қара танитындай сауатын ашуды көздеп отырған. Неше түрлі мәдени ақпараттарды қабылдай бастаған халыққа газеттің берген жаңалығы айтарлықтай болды. Әлемге әйгілі арабтың «Мың бір түн» ертегісі де алдымен осы «Түркістан уалаятының газетінде» басылды. Қазақтың бірталай ертегілері мен кейбір дастандары да осы атақты «Мың бір түннің» желісінде дамыды. Ол ертегіден алынған үзінділерді арабша, парсыша сауатты молдалар аударып халық ішіне таратып отырған болса керек. Халық арасында айтылатын осы ертегілерді кейін «Түркістан уалаяты газеті» жинақтап бастырған болуы да мүмкін ғой. Себебі, сол газет бетіне шыққан материалдардың түп негізі қайдан келгендігі турасында әлі күнге толық тұжырым жасалмаған.

Профессор Ш.Сәтпаева сол газетте жарық көрген ертегінің үзінділері орыс тілінен аударылып басылған болуы керек деген тұжырым ұсынады: «В прошлом веке предпринималась попытка перевести на казахский язык «Тысячу и одну ночь». В 70-х гг. XIX в. В нескольких номерах «Түркістан уалаятының газеті» печатались переводы некоторых сказок. Они назывались «Араб жұртының бір мың бір түн деп аталған ертегісі». Сейчас трудно установить, с чего были сделаны эти первые казахские переводы, но судя по времени их появления – начало 70-х гг. XIX в., - можно предположить, что они сделаны с русского перевода. В это время были известны переводы избранных сказок Доппельмайер и Шелгуновой, затем анонимный перевод на русский язык, более полный по сравнению с предыдущими»[6, 60-61].

Алайда, мұсылманшылықты қабылдағанына мың жылдан асқан қазақ халқы дінмен қатар араб, парсы халықтарының әдебиетінен де хабары мол болған. Оның үстіне «Шаһнама», «Мың бір түн» сияқты ел ішіне кең тараған шығармаларды XIX ғасырға дейін қазақ халқы мүлде хабарсыз болды дегенге сенудің өзі қиын. Қазақтың ғұлама жазушысы, белгілі ғалымы М.Әуезов «Мың бір түн» мен «Тотынама» шығармалары қазақ арасында әлмисақтан етене жақын екендігін айтады. Қазақ фольклорын зерттеуге арнаған еңбегінде ол жайлы былай деп жазады: «Басқа халықтардағыдай, қазақ халқының ауыз әдебиетінде ертегілер орасан мол орын алады. Қазақ фольклорының басқа түрлеріндей емес, нақ осы ертегілерден көршілес отырған шығыс және батыс халықтарының ертегілерінен ауысқан, алмасқан із-бедерлер анық танылады. Шығыстан келген әсер жайында сөз болғанда қазақ арасында әлмисақтан бері бар «Мың бір түн», «Тотының тоқсан тарауы» сияқты шығармаларды, ежелгі түрік халқының романы «Бақтажарды» еске алу қажет. Сондай-ақ, қазақтың халық ертегілерінің талай-талайы орыс халқының ертегілік фольклорымен недәуір байланысты екендігін де атау керек. Бұл хайуанаттар жайындағы ертегілерден, әсіресе анық байқалады»[7,18].

«Мың бір түн» ертегісі жалпы Азия мен Еуропа халықтары әдебиетінде өз әсерін қалдырып, оның желісі негізінде көптеген ертегілер пайда болды. Соның әсерімен көптеген халықтарда қисса, дастандар да жазылды. Қазақ ақындары да сол ертегілерден өзіне ұнаған оқиғаларды алып, халық арасында дастан ретінде жырлап отырды.

Халық ішінен шыққан ақындар жұрттың назарын тосын дүниелерге аудару арқылы өздерінің де сауаттылығын таныту мақсатында ауыз әдебиетінде бұрын жырланбаған Шығыстық әдебиеттің сюжетіне құрылған қиссалар мен дастандар шығаруды өздеріне машық етті. Осылайша қазақ әдебиетінде бұрын болмаған қиссашыл ақындар пайда болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында баспа өндірісі дамыған кезде ақындар да өмір талабына икемделіп, шамасы жеткендер шығармаларын баспадан шығаруға қол жеткізе бастады. «XIX ғасырдың тағы бір зор өзгешелігі ХҮІІІ ғасырда бой көрсете бастаған жеке ақындар тобы енді өз туындылары арқылы халықтың күнделік тіршілігіне ғана емес, оның ой-санасына, әлеуметтік көзқарасына, дүние тануына зор әсерін тигізетін үлкен құралға, құдіретті күшке айналғанын айқын аңғарамыз», - дейді көрнекті фольклортанушы Ы.Дүйсенбаев[8, 98].

Алайда, қазақ поэзиясында шығыс дәстүрінің жырлану тарихы тым тереңде жатыр. Шығыстық дастандардың сюжеті келгенімен олар түркі поэзиясының негізінде, жыр

үлгісінде жырланды. Шығыс сюжеттеріне құрылған шығармалардың өзі тікелей сол шығармалардың қайталанған көшірмесі болған жоқ, олар халықтың дәстүрлі поэзия үлгісінде әбден електен өткен, бастапқы формасынан көп өзгеріске ұшыраған жағдайда халықтың ұғымына жақын деңгейде ғана сіңісіп отырды. Шығыс сюжетіне құрылған қазақ дастандарын зерттеуші белгілі фольклорист-ғалым, профессор Б.Әзібаева қазақ жеріне тараған шығыстық нұсқалар турасында былай деп жазады: «Широкое распространение и внедрение казахских версий восточных дастанов в состав песенного эпоса было в основе своей подготовлено гораздо раньше и явилось закономерным результатом древних культурных связей степного общества и предшествовавшего литературного развития, которое проходило в тесном взаимодействии с культурными и литературными процессами, протекавшими у родственных тюркоязычных народов. Известно, что классическая тюркоязычная литература, являясь естественной наследницей древнетюркской эпической поэзии, черпала, как из источника, также из фольклора и письменной литературы на языке арабов и иранцев...Почти все акыны в прошлом так или иначе обращались к восточной литературе, разрабатывая восточную тематику как в перепевах, так и в своих оригинальных произведениях. В немалой степени этому способствовала традиция «назира», суть которой составляет «...воспроизведение в творчестве писателя одного народа содержания и мотивов произведения, созданного писателем другого народа. Эта форма получила особое распространение в литературе народов Средней Азии, Ирана и Передней Азии в средние века...»[9, 10-11].

Шығыс әдебиетінен кірген дүниелер қазақтың фольклорына сіңісіп біршама жаңа жанрларды дүниеге әкелді. Шығыстың классик ақындары жырға қосқан «Ескендір», «Ләйлі-Мәжнүн», «Хұсрау-Шырын» сияқты назира жанрында жырланған дастандарды кейін қазақтың кітаби ақындары ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қайта жырлады. Осылайша қазақ жерінде де назирағөйлік дәстүрі қалыптаса бастады. Сонымен қатар Фирдоусидің «Шаһнама» дастаны да түркі халықтарында ХҮІІІ ғасырдан бастап жырланып, оның бірнеше нұсқасы қазақ арасында да хатқа түсті. Одан бөлек үнділердің көне ертегілері мен кітапқа түскен аңыз, әңгімелері қазақ арасына жол тартты. Ол турасында ғалым Ү.Сұбханбердина былай деп жазады: «Шығыстың жеті жұлдыздарының бірі – Фирдоусидің жер жүзі мәдениетінің алтын қорына, асыл қазынасына айналған «Шаһ-наменің» қазақ арасына тару жолы әрі ұзақ, әрі қызық емес пе?! Сондай-ақ, араб, парсы, үнді аңыз-ертегілерінен келген «Мың бір түн», «Тотынаме», «Жүсіп-Зылиха», «Сейфулмәлік», «Атымтай-жомарт», «Мұңлық-Зарлық», «Бозжігіт», «Шәкір-Шәкірат», «Иранғайып шаһ Аббас» сияқты лирикалық, батырлық, ғашықтық дастандардың, хикаялардың қазақ топырағында қайта түлеп, жаңарып, бай ауыз әдебиетімізбен тамырласып, тоғысуы да жоғарыда түйіндеген пікірімізге дәлел»[10, 5].

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басы қазақ әдебиеті үшін бір жағы шығыс әдебиетінен мольнан сусындаған, екінші жағынан батыс әдебиетімен де етене таныса бастаған кезең болатын. Сондықтан да жазба әдебиеті даму сатысына көтеріліп келе жатты. Қазақ әдебиеті мен тәжік-парсы әдеби байланыстарын зерттеп жүрген шығыстанушы ғалым, профессор Ө.Күмісбаев қазақ әдебиетінің парсы әдебиетімен байланысы Шығыстың классикалық поэзиясымен байланысты бекіте, жақындастыра түскендігіне тоқталады: «Казахские поэты-книжники, создавшие дастаны, поэмы на сюжеты известных восточных литературных памятников, внесли весомый вклад в развитие казахской поэмы как жанра, а также в ее поэтику. Трансформация таджико-персидского поэтического материала еще больше укрепила связи казахской литературы с классической поэзией зарубежного Востока»[11, 80].

ХІХ ғасыр қазақ халқы үшін үлкен өзгерістерге толы кезең болатын. Мысалы, ХҮІІІ ғасырда негізінен сыртқы жаумен соғыс, отанды қорғау, елді сыртқы жаудың тегеурінінен аман сақтап қалу, ішкі ынтымақтықты нығайту, елдікті, егемендікті сақтау сияқты мәселелер бірінші кезекте тұрды. Сондықтан да жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, бұрынғы өткен

батырлардың ел үшін жасаған игі жұмыстарын мадақтап, оны елге үлгі ету басты фактор ретінде қарастырылды. Оған сол кездегі жоңғар қалмақтарымен болған ұдайы соғыс мәжбүр етті. ХУІІІ ғасырда қазақтың ауыз әдебиетінде негізінен тарихи жырлар көптеп жырланды, тарихи адамдар мен батырлардың, хандардың ел үшін істеген игілікті істері жырға қосылды. ХІХ ғасырға дейін қазақ ауыз әдебиетінде жыраулық дәстүр айрықша дамып, батырлық жырдың алатын орны айрықша болды.

ХІХ ғасырда қазақ халқы бейбіт өмірге ауысқан соң, ендігі жерде рухани тірек өздерінің ислам дінінің құндылығын дәріптеу, діни аңыздарды жырға қосу, шығыстық әдебиеттің інжу-маржандарын келешек ұрпақтың санасына сіңіру жағы өзекті мәселе ретінде көтеріле бастады. Себебі жаулаушы елдер тарапынан діни миссионерлік насихат да белең ала бастаған болатын. Оның үстіне Ресей патшалығы Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алған соң қазақ жерінде қала мәдениеті дами бастады. Қазақ жерінің байлығын игеруді қолға алған отарлаушы капиталистер өнеркәсіп орындарын аша бастады. Бұрынғы өмір салты түбірінен өзгеріске ұшырады.

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Шығыс әдебиетінен сусындаған қазақ ақындары көптеген туындыларды дүниеге әкеле бастады. Оңтүстік пен Сырдың бойындағы ақындар өзбек, тәжік әдебиетінен оқып үйренсе, Шығыс ақындары татар молдалары оқытатын медреселерден тәлім алып, бір жағы орыс ақын, жазушыларының шығармаларының аудармалары арқылы Шығыс тақырыбына қалам тартып отырды. Ол тек бір аймақта ғана емес қазақ даласының көптеген жерінде ақындар өзара жарысқа түсті. Назирагөйлік пен қатар жазба айтыс сияқты шығыс шайырлары кеңінен қолданған бұрын қазақ жерінде кенже қалған жанрлар да дүниеге келді. Бұның барлығы шығыс әдебиетінің әсері болатын.

Қазақ даласында жазылған қисса, дастандардың саны жүздеп саналады. Мұның өзі сол кездегі қазақ ақындары шығыс әдебиетінен үйреніп, оны кеңінен игере бастағандығын көрсетеді. Олардың игерген тақырыптарының өзі әртүрлі болатын. Діни дастандар да, аңыздық әңгімелер де, пайғамбар өмірінен жазылған сиралық жанрлар да осы кезде дүниеге келіп жатты. Қазақ ақындарының жырлаған тақырыбы жайлы жазушы, академик С.Мұқанов былай деп жазады: «Негізінен алғанда, қазақ тіліндегі қиссалардың саны жүзден асады. Олар арабтың, Иранның (әсіресе парсының), Орта және Орталық Азия түркілерінің ертегілерінен алынады. Қиссашылардың кейбірі аз, кейбірі көп етіп мұра қалдырған. Бірен-саран қисса шығарып, одан ары жазбағандары да бар: он тоғызыншы ғасырдың соңы мен жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде бұрынғы Қарқаралы үйезінен шыққан қиссашыл Ақылбек Сабалұлының бір өзі ғана отызға жуық, Ақмола уезінен шыққан Мақыш Қалтайұлы да қырықтан астам қисса қалдырған. Осы мерзімде Жетісу өлкесінен шыққан Жүсіпбек қожа Шайхыислам ұғылы шығарған қиссалар да толып жатыр.

Әдебиеттік сапасы жағынан алғанда, бұл қиссалар әр қилы. Мысалы, Жүсіпбек қиссалары төрт жүйеге бөлінеді. Олар: «Қасым Жомарт» сияқты араб аңызынан алынған қиссалар, иран аңызынан алынған «Қаһарман - Қатыран», Орта Азия аңызынан алынған «Мұңлық - Зарлық» және «Қыз Жібек» немесе «Біржан мен Сара айтысы» сияқты қазақ жерінде болған оқиғалардан алынған қиссалар»[12, 158-159].

ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ әдебиетіне Шығыс әдебиетінің әсері бұрын-соңды болмаған жағдайда әсер етті. Тек Қазақстан емес, Орта Азияның көзі ашық, оқыған ақын, шайырлары шығыстық сюжетке құрылған дастандар шығаруға айрықша ықыласты болғандығын көреміз. Профессор Н.Төреқұлов сол дәуірдің даму ерекшелігі жайлы былай деп жазады: «Осындай назирагөйлік дәстүр бойынша Тұрмағамбет «Рүстем Дастанды» Фирдоусидің «Шаһнамасынан», Ертай Құлсариев пен Майлықожа өздерінің Тотынама тарауларын үндінің «Тотынамасынан» алып жазды. Кенен ақын қазақтар арасында ауызша таралып кеткен қырғыздың «Манас» эпосындағы «Көкетайдың асы» деген тарауын өзінше жырлады. Сол сияқты Моңғол қазақтары арасында жатқа айтылып кеткен «Шолақ қол әйел» дастаны «Мың бір түн» хикаясынан (346 түннен), қазақ арасында ертеден

жырланып жүрген «Атымтай-Жомарт» та (268-273), «Сейфулмәлік» те (754-767 түндердегі) сол «Мың бір түн» аңыздарынан жырға айналған.

Мұндай тәсілді Қазақстан, Орта Азия халықтарының ақын, шайыр, бахшы, хафиздары жарыса қолданған.

«Мың бір түннің» 534-565 түндерінде әңгімеленетін «Сандыбаттың жеті сапарын» қазақ ақыны Қуаныш Баймағамбеттің «Қаңғыбас Сандыбаттың сапары», түрікмен бахшысы Шейдан «Гүл-Санубар» деген атпен жырлап келген.»[13, 250].

Осылайша Қазақстан мен Орта Азия да ғана емес сонымен бірге қазақтар тығыз орналасқан Қытай жеріндегі Шығыс Түркістан аймағы мен Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында да шығыстық сюжетке құрылған дастандардың тарала бастағандығын көреміз. Ол жақтағы қазақтар да батырлық және ғашықтық эпостармен қатар шығыстық сюжеттерге құрылған қисса, дастандарды орындауды дәстүрге айналдырғандығын көреміз. Шығыс Түркістан қазақтарының салт-дәстүрін зерттеген фольклорист-ғалым, профессор З.Сейітжанов Алтай аймағы қазақтары өмірінен орын алған шығыстық дастандар турасында мынадай деректер келтіреді: «Шығыс Түркістан қазақтары ауыз әдебиетінің негізгі бір саласы эпикалық жырлар болып табылады. Халқымыздың бағалы байлығы болып саналатын «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Алпамыс» сияқты қаһармандық эпостар мен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Еңлік-Кебек», т.б. лиро-эпостық жырлары Шығыс Түркістанда да тараған. Бұл жырлардың көпшілігі Моңғолияда тұратын қазақтарда да кездеседі. Сондай-ақ Шығыс Түркістан қазақтары арасында «Ләйлі-Мәжнүн», «Таһир-Зухра», «Сейфілмәлік», «Бозжігіт» сияқты Шығыс әдебиетінен ауысқан қисса-хикаялар да жиі айтылады және олар көбіне қолжазба күйінде тараған»[14,312].

Шығыстық әдебиеттен сусындаған қазақ фольклортану ғылымында әлі де игерілмей жатқан дүниелер баршылық. Көпшілігі қолжазба күйінде кітапханалардың қолжазба орталықтары мен ғылыми-зерттеу институттарының қорларында өзінің шығу кезегін күтіп жатқан болса, әлі де жанры толықтай анықталмай жатқан дүниелердің жеткілікті екендігін көреміз. Жазба әдебиеті күшейе бастаған кезде алғашқы жазба шығармалардың барлығы алдымен фольклорға қарайлайтындығы табиғи заңдылық. Ондай жағдайда фольклор да бұрын ауыз әдебиетінде кездеспейтін өзге жанрлармен өз қоржынын толықтырып отырады. Осылайша әдебиет пен фольклор бірін-бірі байытады. Дегенмен жанрды анықтауға келгенде біршама қиыншылықтар туғызады. Белгілі бір авторы мен жырлаушысы болғанымен дастанның сюжеті мен өлең құрылысы, ондағы теңеулер мен литоталар, гипербола т.б. көрнекі құралдар фольклор заңдылығына сәйкес келіп отырады. Сондықтан да мұны аралық фольклор деп атайды. Аралық фольклор кезінде көптеген жанрлармен байытылды, бұрынғы деңгейінен бір саты көтерілді. Аралық фольклордың жазба әдебиеті қалыптасып жатқан тұста аса маңызды роль атқарғандығын баса айтуымыз керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рахманқұл Бердібай. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы. «Қазығұрт» - 2005. Гүлстанның бұлбұлдары. Жұлдыздар жарығы. Төртінші том. – 448 бет.
2. Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін...(Құрастырып, алғы сөзін жазған – ф.ғ.д., профессор Қ.Ергөбек) – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2004 – 344 бет.
3. Э.Н.Наджиб. Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур. МКТУ им. Х.А.Ясави, - Туркестан, типография «Туран», 2007. – 268 стр.
4. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. С.Талжанов. Алматы, Қазақ ССР «Ғылым» баспасы, 1975, 286 бет.
5. «Дала уалаятының газеті» әдеби нұсқалар/Құрастырушы Ү.Сұбханбердина/.-Алматы. Ғылым, 1990.-584б.
6. Сатпаева Ш.К. Казахская литература и Восток: (Из истории литературных связей).- Алма-Ата: Наука, 1982.-200с.



7. Әуезов М. Әдебиет туралы. О литературе. Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1997. – 304 бет.
8. Дүйсенбаев Ы.Т. Эпос және ақындар мұрасы. – Алматы: Ғылым, 1987. – 344б.
9. Азибаева Б.У. Казахские народные романические дастаны. – Алма-Ата: Ғылым, 1990.- 140с.
10. Ғашық-наме. Шығыс хикаяларының желісіне құрылған қазақ дастандары. Алматы, «Жазушы», 1979.-470бет.
11. Кумисбаев У. Казахские и персидско-арабские литературные связи XIX – XX вв. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1990. – 136с.
12. Мұқанов С. Халық мұрасы: Тарихтық-этнографиялық шолу. – Алматы: Жазушы, 2003. – 304 бет.
13. Қазақ фольклорының типологиясы. Түркістан: «Тұран» баспасы, 2009. – 376 бет.
14. Бабалар сөзі: Көп томдық, 1 том. Діни дастандар. – Астана: «Фолиант», 2002. – 448 бет.